

Жарқамыс орта мектебі

ТІГІН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ТАҚЫРЫБЫ: КӘЖЕКЕЙ

**ДАЙЫНДАҒАН: ҚОЯНБАЕВА Г.
10 А КЛАСС ОҚУШЫСЫ**

Жетекшісі: Усенова Н.К.

2014-2015 оқу жылы



Мақсатым:

- Киізден күнделікті сабаққа немесе мейрамда киетін кәжекей тігу;
- Кәжекейдің өлшемі мен өрнегін анық түсіру;
- Бұйымның әдемі және әсем болып шығуын қадағалау;

Туындаған мәселені және қажеттілікті негіздеу:

Маған жылылыққа және сәндікке ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген кәжекей керек болды. Мен оны өзім тіккім келді. Бұл маған арзанға түседі деп шештім.

Кәжекей адамның сыртқы мүсінін, сымбатын ерекшелеп тұратын киім түрі. Сондықтан мен сабаққа да, мерекелерде де тиюге болатындай етіп қынама кәжекей тігуді ұйғардым.

Моделін, кұрал-саймандарды, алабұйымдарды таңдау:

Кәжекей ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген кезде ғана әдемі көрінеді. Сондықтан әдемі өрнектер, бисерлер, жүн сатып алдым. Кәжекей әдемі көріну үшін мен оған әдемі жылтыр таспалар сатып алдым. Ұлттық дәстүрде тігілетін болғандықтан қарсы ілгек алғанды жөн көрдім.

Материалдар таңдау:

Кәжекей тігілетін мата мүмкіндігінше берік, жылы, ерекше болу керек. Мен төрт нұсқасын қарастырдым. Велёр онша қатты мата емес, тігу кезінде ерекше мән беруді қажет етеді. Мақпал қатты, тігуге жарамды болғанымен көп қолданыстағы мата. Ши мақпал өзіме ұнамайтын болғандықтан жарамсыз деп таптым.

Қойдың жүнін «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні», «өлі жүн» және «шет-пұшпақ» деп бес түрге бөліп атайды. Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап күпсек (бөстек), көпшік, жеңіл байпақ тігеді. Қойдың жабағы жүнін түтіп, одан кейін матаның сыртына шықпас үшін қылшықтарын бүрілтіп қайнатады. Бұл жүнді шайырынан арылтып тазарту үшін де істеледі. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиектер ширатылады. Ал күзем жүнінен, қозы жүнінен киіз басылады, текемет, сырмақ, қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды «оюшы» деп атады.

«МҮЙІЗ» - қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді меңзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданылады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «еркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында (кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, түскиіз, шымши), тұрмыстық заттарда (саба, шанаш, күбі, оқшантай, торсық, сандық т.б.), сондай-ақ қару-жарақтарда (қынап, оқшантай, торсық, садақ), киім-кешек, ат әбзелдерінде (ертоқым, айыл) қолданылады, жалпы бұл элементтің қолданбайтын жері жоқ десе де болады.

**Жобаны дайындайға арналған
құрал-саймандар мен
алабұйымдар:**

Тігін машинасы, қол жұмысына және
тігін машинасына арналған инелер,
қайшы, қарандаш, миллиметрлік таспа,
оймақ, өю-өрнек, бисерлер, жүн, жібек
таспалар, үтік.

Дайындауға кететін шығындар есебі:

Киіз		Ою-өрнек		Бисер		Жіп		Таспа	
Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (дана)	Бағасы (тг)	Саны	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)
0,5	700	5	400	2	60	2	60	8	80
Материалға жұмсалған жалпы шығын: 1300									

Киіз		Жүн		Бисер		Жіп		Таспа	
Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (мг)	Бағасы (тг)	Саны	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)
0,5	700	3	100	2	60	2	60	8	80
Материалға жұмсалған жалпы шығын: 1000									

Киіз		Жүн		Жіп		Таспа	
Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (мг)	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)	Саны (м)	Бағасы (тг)
0,5	700	3	100	2	60	8	80
Материалға жұмсалған жалпы шығын: 940							

Бұйымның технологиялық орындалу реті:

- өз өлшемінді алу және нұсқалар жасау;
- бұйым нобайын жасау және өңдеу;
- бұйымды модельдеу және конструкциялау;
- кәжекей бөлшектерінің пішімін жасау.


Кәжекейдің бөлшектерін бүйір тігістері бойымен уақытша қол инешаншымдары арқылы көктеп, содан кейін тұрақты инешаншымдармен қостым.

Өлшем алу




кезінде

Нұсқалар жасау



кезінде

Бұйым нобайын жасау



Дайын бұйым белгілері:

- а) ерекше сәнді;
- ә) түстер үйлесімділігі сақталған;
- б) экологиялық таза материалдан дайындалған;
- в) белгілі тігістердің барлығын пайдаланып, орындадым.


Бұйымды өңдеу



Бөлшектердің пішімін жасау



Өрнек бастыру



Дайын кәжекей үлгісі



«Қыздарға әсемдік жарасады»





Гүлдананың ұсынуға болатын ұлттық киім үлгілері



Қортынды :

Кәжекей ыңғайлы, сәнді, ерекше, өз қалағанымдай болды. Өрнекпен жасағаным да, жүнмен жасап бисермен безендіргенім де тартымды шықты. Кәжекейім менің достарыма да, ата-ана, ұстаздарыма да өте ұнады. Олар мені мақтан тұтады, өйткені мен оны өз қолыммен тіктім.

ҰСЫНЫС- ШКІР :


Мен әрі жылы,әрі қыртыстанбайтын,
тігуге жеңіл осындай киім түрлерін
ұсынамын. Бұндай материалдан тіккен
киім оқушыларға сабаққа жылылыққа да
киюіне болады деп ойлаймын.

Жоба қорғау сәтінен көрініс





АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ – ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



АЛҒЫС ХАТ

«Шығармашылық жобаны қорғау» облыстық байқауына қатысып, кәсіби шеберлігін жоғарғы дәрежеде көрсеткені үшін

Ғазыбаева Гүлдана, Ғазығалин ағл. Жарғауынов Д.

жетекшісі: Н.К. Усенова

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор



Н.Абишева

Ақтөбе, 2014ж.

**ТЫНДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !**

**БАРШАҢЫЗҒА
СӘТТІЛІК
ТІЛЕЙМІН!**